

Тайынша

Маңы



Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 27 (879) 17 маусым, 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany

http://tainshatany.kz

tainsha_tan@list.ru

• ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН ОЛИГОПОЛИЯДАН ТОЛЫҚ АРЫЛУЫ КЕРЕК

Бұл туралы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Россия-24» телеарнасының журналисі Андрей Кондрашовқа берген сұхбатында айтты.

Президенттің айтуынша, Қазақстан экономика саласындағы фаворитизмнен алшақтауы тиіс.

«Елде әлеуметтік әділеттілік болуы тиіс. Әрине, мен утопист немесе қиялшыл емеспін, бұл бір күн, бір ай немесе бір жылдық жұмыс емес екенін түсінемін. Бірақ бұған ұмтылу керек, себебі халық әділеттілікті қалайды», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, оның Президент ретіндегі міндеті - Қазақстан азаматтары үшін әділеттілікті қамтамасыз ету.

«Әлеуметтік иерархияда барлығы тең болуы керек. Қалай болғанда да әлеуметтік лифт жұмыс істеуі қажет. Біз мемлекеттік лауазымдарға, ұлттық, мемлекеттік компаниялардағы белгілі бір лауазымдарға өте қабілетті, патриоттық рухы бар адамдарды таңдауымыз керек. Бұл депутаттарды сайлауға да қатысты», деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ ол Мемлекет басшысы ретінде Парламент сайлауының нәтижесіне тікелей әсер ете алмайтынын айтты.

«Менің міндетім - қоғамнан өз орнын таба алатын және болашаққа оптимистік көзқараспен қарайтын саяси атмосфераны құру», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРЫС ТІЛІНЕ ҚАТЫСТЫ ПІКІР БІЛДІРДІ

«Қазақстанда орыс тілінің позициясы кеміді, тарылып бара жатыр деген сөздер шындықтан өте алшақ. Мұндай пайымның барлығы белгілі бір жағдайды саясиландыру мақсатында айтылған. Негізінде оның жауабын білемін. Бірақ бұл қазіргі сұхбатымыздың тақырыбы емес. Толықтай алғанда, Қазақстанда орыс тілінің позициясы қандай да бір нашарлауға ұшыраған жоқ. Оған сенімдімін. Сабақ орыс тілінде өтетін мектептердің санына қатысты айтар болсам, олар бұрынғы көлемде қалды», деді Қасым-Жомарт Тоқаев ресейлік журналист Андрей Кондрашовқа берген сұхбатында.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы қазақ тіліне деген сұраныстың артып келе жатқанын айтып өтті.

«Түптеп келгенде, мемлекетіміздің атауының өзінде «қазақ» сөзі бар. Яғни, біз қазақ тілін үйренгісі келетін, баласын қазақ мектебі мен балабақшаға бергісі келетін адамдардың мүддесін қамтамасыз етуге тиіспіз. Орыс тілінсіз қазақтарға өте қиын болатындығына қатысты нақты түсінігіміз бар. Қазақтар орыс тілін жақсы білуі керек. Бірақ өзінің ана тілін де білуі тиіс», деді Президент.

САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР ҚОҒАМНЫҢ ҮЛКЕН СҰРАНЫСЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев «Россия 24» телеарнасына берген сұхбатында Қазақстанда үлкен саяси реформалар басталғанын айтты.

Оның айтуынша, «алдымен экономика - содан соң саясат» формуласы тоқсаныншы жылдардың басында өте пайдалы болды.

«Адамдардың азаматтық белсенділігін арттыру үшін саяси өзгерістер жасауымыз керек екенін түсіндім. Бұл қоғамның үлкен сұранысы болды», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ ол Қазақстанда үлкен саяси реформалар басталғанын айтты.

«2019 жылы біз бейбіт жиналыстар туралы заңды әзірлеуге кірістік. Содан соң, әйелдер үшін 30% квота енгізілді. Парламенттік реформа басталып, референдум өткізілді. Бұл - саяси құрылымды өзгерту мақсатында басталған науқан. Мен өркениетті президенттік жүйеге көшуді қажет деп санадым. Онда ықпалды Парламент тиісті орын алады, атқарушы билік өз рөлін атқарады және Парламент өз халқы алдында толық есеп береді», дей келе Президент төменгі палатаға келесі сайлау мүлдем жаңа ережелер бойынша өтетінін сөз етті.

«EGEMEN QAZAQSTAN»

«БАЛАЛАРДЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Еліміздің барлық өңірінде «Балалардың игілігі үшін» акциясы өтіп жатыр. Әлеуметтік сұрақтарды шешу мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, «Дені сау бала» акциясы аясында республиканың барлық өңірінде ерекше білім алуды қажет ететін балаларға көмек көрсету мақсатында қайырымдылық шаралары өткізіліп жатыр. Инклюзивті білім беру үшін тиісті жағдай жасалып, түзету және психологиялық-медициналық-педагогикалық кабинеттердің (ПМПК) саны артып келеді.

Жергілікті атқарушы органдар да ата-анасының қамқорлығынсыз қалған ерекше балалар мен жетім балаларға арналған түрлі байқаулар, ойындар, бағдарламалар ұйымдастырды. Мысалы, Павлодарда трамвай мен теплоходқа арнайы экскурсиялар өтті. Ал Көкшетау қаласында демеушілер мен меценаттар қатерлі ісікке шалдыққан балалардың тілегін орындады. Балалар лагерьге жолдама, компьютер, ұялы телефон және басқа да сыйлықтарға ие болды.

«Балалардың игілігі үшін» акциясы аясында еліміздің түкпір-түкпірінде жаңа балалар алаңдары, спорт алаңдары, білім беру, дамыту, шығармашылық орталықтары ашылып жатыр. Сондай-ақ балалар лагерьлері салынып, қалпына келтірілді. Мысалы, Қостанай облысында бөлінген қаражат есебінен «Альпий парус» балалар сауықтыру лагеріне күрделі жөндеу жүргізілсе, Қызылорда және Ақмола облыстарында 4 жаңа лагерь қайта пайдалануға беріледі.

«Білімді бала» тақырыптық блогы аясында жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің пәндік олимпиада жеңімпаздарымен, ғылыми және әлеуметтік жобалар

байқауларының, шығармашылық фестивальдердің жеңімпаздарымен кездесулері өткізіліп жатыр. Колледж студенттері арасында «Өз мамандығының үздігі» байқаулары ұйымдастырылды. Мәдениет және демалыс саябақтарында балалар суреттерінің көрмелері, граффити, асфальтта сурет салу конкурстары өтті. Қазақстандық белгілі жазушылармен, спортшылармен және әртістермен кездесулер ұйымдастырылды. Балалар жылында ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті балалардың құқықтарын қорғау бойынша іс-шараларды белсенді түрде өткізіп жатыр. Сайт, «Бала Қорғау» Telegram-чат, Call-орталықтар, балалар мен ата-аналар көмек пен қолдау сұрап, жүгіне алатын сенім телефондары құрылды. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында балаларға қолайлы жағдай жасауға бағытталған «Балаға лайық» акциясының бірінші кезеңі аяқталды.

«Бұл іс-шараның барлығы балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге және өскелең ұрпақтың дамуына қажетті жағдай жасауға бағытталған. Балалардың әл-ауқаты – Мемлекет басшысы айқындаған басымдықтардың бірі. Министрлік балалардың физикалық және психологиялық денсаулығын қолдау және жақсарту, оларға сапалы білім беру, қауіпсіз және жайлы ортаны құру бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады», – деді ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Есенғазы Иманғалиев.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

БЖЗҚ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2022 жылдың басынан бері салымшылар мен алушыларға **14,4 миллион астам қызмет** көрсетті. Оның ішінде 9,8 млн-нан астам операция электрондық форматта, 3,4 млн-нан астамы – автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, қазақстандықтар зейнетақы қызметтерінің **93%** қашықтан алды.

Естеріңізге сала кетейік, Қор қызметтерін санаулы минуттың ішінде үйден шықпай-ақ алуға болады. Мысалы, enpf.kz сайтында және БЖЗҚ мобильдік қосымшасындағы жеке кабинет арқылы салымшылар кез келген уақытта және кез келген жерде жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме, ЖЗШ-ның бар-жоғы туралы анықтама алып, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналары бойынша өтініш беріп, төлемге өтініштің мәртебесін қадағалап және т.б. қызмет түрлерін ала алады. Онлайн-форматта 2022 жылдың төрт айында **9,8 млн-нан астам қызмет** көрсетілді.

Міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу – өтінішсіз қызмет көрсету форматында жүзеге асырылады. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашық ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна келіп түскен кезде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұлғаны сәйкестендіру МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер бойынша жүзеге асырылады. Салымшының қолданыстағы құжатының деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметті БЖЗҚ Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. Автоматты түрде **3,4 млн-нан астам қызмет** көрсетілді.

Кейбір қызметтерді алу үшін (мысалы, мұрагерлік бойынша немесе тұрақты тұруға кетуге байланысты зейнетақы төлемдерін рәсімдеу) құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажет, оларды пошта арқылы немесе жеке өзі не БЖЗҚ кеңсесінде сенім білдірілген адам арқылы ұсынуға болады. Сонымен қатар, әлі күнге дейін Қор мамандарына жеке жүгінуді жөн көретін салымшылар да бар. Сондықтан, жыл басынан бері БЖЗҚ бөлімшелері арқылы Қазақстан бойынша салымшылар мен алушыларға дәстүрлі түрде **595,2 мың қызмет** көрсетілді. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесін enpf.kz сайты немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы оңай табуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның шалғайдағы елді мекендерде ұлттық пошта операторының Қор салымшыларына зейнетақы қызметтерін ұсыну жөніндегі бірлескен жобасы аясында 2022 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша 347 пошта бөлімшесінде **5 мыңдай қызмет** көрсетілді.

Атап кету керек, БЖЗҚ салымшыларының ең жиі қолданатын қызметі – жеке зейнетақы шоттарынан үзінді көшірме алу. 2022 жылдың төрт айында ЖЗШ-дан шамамен **12 млн үзінді көшірме** берілді, бұл барлық жүргізілген операциялардың 84% құрайды. Осы ретте **9,8 млн жуық үзінді көшірме** (немесе барлық берілген үзінді көшірмелердің 81,5%) электрондық түрде алынды.

БЖЗҚ сапалы кеңес беру қызметтерін ұсынуға және Қор салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2022 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша салымшылар мен алушылардан түрлі байланыс арналары арқылы түскен **396 мыңнан астам өтініш** өңделді.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары байланыс орталығына 1418 нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) хабарласу арқылы, сондай-ақ, enpf.kz корпоративтік сайты, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber мессенджерлеріндегі чат-бот, БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында ақыл-кеңес ала алады.

24 МАУСЫМ - СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ КҮНІ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 наурыздағы №183 Қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына
толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына
мынадай толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан
Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесі: мынадай мазмұндағы

13-1-тармақпен толықтырылсын:

«13-1. Судья және сот қызметкері күні – 24 маусым».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі

Ә. Смайылов.



А.С.Парманов, Тайынша аудандық сотының төрағасы



Қазақстандағы мерекелік күндердің тізбесі толықтырылды.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов қол қойған 2022 жылғы 31 наурыздағы тиісті Қаулы үкімет басшысының сайтында жарияланды. Қазақстандағы мерекелік күндердің тізбесі: «24 маусым – Судья және сот қызметкері күнімен» толықтырылды. Енді жыл сайын республикада 24 маусымда атап өтіледі», деп жазылған құжатта. Тарихқа үңілер болсақ, қазақ хандығының өмірінде біріктіруші рөл атқара отырып, маңызды институтқа айналған билер сотының тарихи маңыздылығы өте зор. Ежелгі уақытта билер қақтығысты тек қысқаша сөзімен тоқтата алды, билердің әділеттілігінің түпкі мақсаты - тараптардың қарым-қатынасы қаншалықты күрделі және шиеленіскен болса да олардың татуласуы мен бітімі болды. "Дау мұраты біту" деген айқын норма қалыптасқан. Бүгінгі таңда соттар мен судьялардың тәуелсіздігін

нақты қамтамасыз етуге белгілі бір түзетулер енгізе отырып, сот жүйесін нығайту, олардың мәртебесі мен материалдық қамтамасыз етілуін арттыру, сот ісін жүргізудің жаңа нысандарын енгізу, сот әкімшілігінің тиімділігін арттыру және судьялық лауазымдарға кадрларды іріктеу жоғары деңгейде деп білеміз. Мәселен, тәуелсіздік жылдарында республикада сот-құқықтық реформа жүзеге асырылды, оның басты жетістігі негізінен құқықтық мемлекеттің талаптарына сай келетін сот төрелігі болды. Соттардың дербестігіне кепілдіктер қамтамасыз етілді, судьялар қоғамдастығының органдары құрылды. Соттар жұмысының қазіргі заманғы форматы, азаматтық сот ісін жүргізуді оңтайландыру, сот ісін жүргізуді цифрландыру, татуласу институты халқымыздың бейбіт өмірде еркін өмір сүруге бейімделген. Еліміздегі соңғы жылдардағы сот билігінің реформалары сот төрелігін әлемдегі ең қолжетімді және жедел сот төрелігінің біріне айналдыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Дүниежүзілік банктің бизнес жүргізу рейтингінде осы көрсеткіш бойынша әлемнің 190 елінің ішінде озық орынға ие. Осылайша, мемлекетіміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық салалардағы қайта құрылуына байланысты әлемдік стандарттарға сәйкес келетін беделді сот жүйесі қалыптасты.

Кәсіби мерекенің бекітілуі - сот саласында еңбек етіп жүрген әрбір маманның мәртебесін көтеріп, мерейін асыра түсті, сот жүйесіне серпін берді десек, артық емес. Үкімет қаулысымен 24 маусымның белгіленуінің сот тарихындағы орны ерекше.

Осындай айтулы күнді Тайынша аудандық сотының ұжымы ерекше қуанышпен қарсы алып отыр. Сот төрағасын, судьяларды, сот қызметкерлерін бүгінгі айтулы мерекемен құттықтаймыз! Сот саласын дамытуда жасаған еңбектеріңіз елене берсін! Отандық соттың абыройы асқақ, беделі биіктей берсін!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

23 МАУСЫМ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

Елена СТЕПАНЕНКО, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің басшысы.

23 маусымда елімізде жыл сайын Мемлекеттік қызметшілер күні атап өтіледі. Қысқа мерзім ішінде біздің мемлекетіміз үлкен тарихи жолдан өтті. Кез келген мемлекеттің табысы мен гүлденуі, ең алдымен, мемлекеттік қызмет қызметкерлерінің тиімді және кәсіби қызметіне негізделеді. Сондықтан ел басшылығы оны жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударады.



Осылайша, мемлекет дамуының алғашқы міндеттерінің бірі ретінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыруды айқындады.

Уақыт талабына сәйкес, ведомстволық нормативтік құқықтық актілер бірнеше рет шыңдалып, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" негізгі Заңға өзгерістер енгізілді. Түбегейлі өзгерістер мемлекеттік қызметтің конкурстық іріктеуден, мансаптық ілгерілеуден, кадрларды оқытудан және т.б. бастап барлық кезеңдерін қозғады. Меритократия қағидатын іске асыру шеңберінде облысымызда осы жылы жергілікті атқарушы органдардың мансаптық саты бойынша көтерілген мемлекеттік қызметшілерінің саны 75% - ға дейін өсті. Бұл ретте гендерлік теңдік қатаң сақталады және бүгінде мемлекеттік қызметте әйелдердің 64% - ы еңбек етеді.

Кадрлық процестерді цифрландыру мемлекеттік аппаратты дамытудағы ажырамас міндет болып табылады. Осы бағытты іске асыру үшін 2022-2023 жылдарға арналған "Е-қызмет" ақпараттық жүйесін жаңғырту бағдарламасымен перспективада осы жылдың соңына дейін мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау процесін толық цифрландыру жоспарлануда, бұл толық ашықтықты қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметшілер үшін мемлекеттік органдардың қажеттіліктерімен тығыз өзара байланыста білімді, дағдылар мен іскерлікті үздіксіз арттыру негізгі қағидат болып табылады.

Бүгінгі таңда өңірде жұмыс істеп жүрген мемлекеттік қызметшілердің 243-і шетелдік білімі бар, 6 – ы "Болашақ" бағдарламасының және 16-сы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектері.

Жас таланттарды анықтау мақсатында 2019 жылдан бастап елімізде Президенттік Жастар кадрлық резервін қалыптастыру жүргізілуде.

Резерв жас мамандарды мемлекеттік қызметке тартуға оң серпін береді, оның мақсаты даярланған және ынталандырылған жастар үшін әлеуметтік лифт құру болып табылады. Солтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік органдардың басшылық лауазымдарында төрт жас резервист жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызмет тұтас алғанда жүйені дамытудың белгілі бір деңгейі бар, онда қызметкерлердің құзыреттілігі, кәсібилігі, моральдық қағидаттары осы деңгейді іске асыруға, оның азаматтардың нақты өміріне тиімді ықпал ету күшін қалыптастыруға тиіс институт болып табылады. Осы басым талаптар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінде бекітілген, өйткені бүгінде мемлекеттік қызметшілердің этикасы мен мінез-құлқы мәселелеріне үлкен мән беріледі.

Билылғы жылы Президент Жарлығымен қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсіну және қолдану үшін маңызды мәні бар мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев өз сұхбатында "... кодекстің жаңа редакциясында ашықтық және клиентке бағдарлану қағидаттарын сақтау бойынша басым талаптар көзделген, осыған сәйкес мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұрау салуларына толығымен бағдарлана отырып, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болуға және өз іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз етуге тиіс" деп атап өтті.

Өзгертілген кодексте мемлекеттік қызмет принциптерін

Мемлекеттік қызмет туралы

Мемлекеттік қызмет – азаматтардың мемлекеттік органдар мен оның аппараттарындағы кәсіптік қызметі. Мемлекеттік қызмет әрқашан да мемлекет қаражат қорынан қаржыландырылады, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы мен жолсапар шығындары бюджеттен өтеледі және қажет болған жағдайда арнайы баспанаға, ғимаратқа орналастырылып, өздеріне жүктелген өкілеттілікті атқаруға қажетті арнаулы керек-жарақпен жабдықталады.

анықтайтын жаңа тарау пайда болды. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлану сияқты алты қағидатқа негізделгенін атап өткен жөн.

Департамент мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарын және Әдеп кодексі нормаларын сақтау мақсатында әдеп жөніндегі кеңесте тексеру іс-шараларын, азаматтардың өтініштерін қарауды және мемлекеттік органдардың басшыларын тыңдауды жүзеге асырады.

Аталған іс-шаралар бұзушылықтардың алдын алуға, мемлекеттік қызметшілер мен жүгінген азаматтардың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталғанын атап өткіз келеді.

Мысалы, 2022 жылдың ағымдағы кезеңінде жүргізілген тексеру іс-шараларының қорытындылары бойынша мемлекеттік органдардың атына мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды жою туралы 6 нұсқама енгізілді, 27 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызметшілердің қайта өңделуін жою мақсатында облыс әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасымен бірлесіп мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет туралы және еңбек заңнамасын сақтауына, еңбек тәртіптемесі қағидаларын, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерді үстеме жұмысқа тарту тәртібін бұзудың жолын кесуге мониторинг жүргізіледі.

Агенттік қызметінің негізгі басымдықтарының бірі мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік органдар адамның қажеттіліктерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға тиіс.

Сапа мен уақтылық - бұл мемлекеттік органның қызметінде бағаланады.

Өткен, сондай-ақ 2022 жылдың өткен кезеңінде 21 көрсетілетін қызметті алушының құқықтары қорғалды. Мысалы, ЖШС астық сақтау қоймасын кеңейту объектісін тіркей алмады, ал басқа шаруашылықтар заң бойынша тиесілі субсидияларды ала алмады. Департаменттің араласуының нәтижесінде заңды құқықтар қалпына келтірілді. Кедергілерді жою, қажет емес қағаздарды алып тастау, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру – осының барлығы цифрландырудың негізгі индикаторлары.

Біз мемлекеттік қызмет көрсетудің проблемалық мәселелерін анықтау бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізудеміз. Мониторинг, профилактикалық бақылау және қадағалау барысында ақпараттық жүйелердің жетіспеушілігі, "электрондық үкімет" порталымен интеграцияның жоқтығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді автоматтандырмау немесе ішінара автоматтандыру анықталады. Енгізілген ұсыныстардың нәтижесінде "Е-Халық" ақпараттық жүйесінің мемлекеттік кірістер және алименттерді қарау ақпараттық базасымен интеграциясы қамтамасыз етілді.

2022 жылдың 1 жартыжылдығында дін саласындағы өтініштерді өңдеу, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт саласын бағдарлау мәселелері шешілді.

Жыл сайын ақпараттық жүйелердің мүмкіндіктері жетілдіріліп, кеңейтілуде. "Электрондық үкімет" порталы азаматтарға мемлекеттік қызметтерді үйден алуға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде e-gov порталында электрондық форматта мемлекеттік қызметтер түрлерінің 90% - дан астамы қолжетімді. Ал біздің облыста мемлекеттік қызметтердің 97,4% электронды түрде көрсетілген. Қазақстанда қазіргі заманғы, кәсіби және дербес мемлекеттік аппаратты қалыптастыру мен жетілдіру жөнінде нысаналы жұмыс жүргізілуде. Экономикалық бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтер көрсету мемлекеттік басқару жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін және халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын қамтамасыз етудегі маңызды фактор болып табылады.

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!



Донецк ауылдық округінің құрамына 5 елді мекен кіреді: Донецк, Белоярка, Краснокиевка, Озерное, Подольское. Ауылдық округ әкімдігінің жұмысындағы негізгі міндет сеніп тапсырылған аумақта мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады. Әкімдікте сенім телефоны жұмыс істейді. Келушілердің шағымдар мен ұсыныстар кітабына қолжетімділігі қамтамасыз етілді. Ауылдық округ әкімінің аппараты өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, жеке қабылдау жүргізеді, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетеді. Қазақстан Республикасы халқының цифрлық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында да жұмыстар ойдағыдай жүргізу-әкімнің құзырында. Халықты әлеуметтік қорғау, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға ерекше көңіл бөлу- әкімдіктің бақылауында. Мұндай қолдаудың бір түрі әлеуметтік төлемдер болып табылады. Бұл- 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы және атаулы әлеуметтік көмек. Міне, осынау қыруар шаруаға қырағылық, белсенділік танытып жүрген мемлекеттік қызметкер, ауыл әкімдері десек, ол – шындық. Тайынша ауданы бойынша ауылдық округ әкімдерінің бірі- Мұрат Мұхаметқалиұлы Қахабаев. Ол- өз ісінің маманы.

Елді мекендерді абаттандыру мәселесі де бүгінгі күні барлық халықтың белсенді қатысуымен өтетін ауылдық округ әкімі аппараты жұмысының маңызды мәселесі болып табылады. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз- мемлекеттік қызметкер ретінде ҚР Президентінің саясатын толық қолдайды. Округтегі халықтың әлеуметтік ахуалы бағытындағы жұмысты асқан жауапкершілікпен атқарады. Округтің қоғамдастығымен, ардагерлерімен, жастарымен тығыз байланыста болып, үнемі бірлесе еңбек атқарады. Ауыл жастары – ауылдың болашағы, олар ауылдың болашақта сақталуы мен дамуының негізгі көзі болып табылатынын жақсы біледі. Сондықтан жастар саясатын жандандырып, ауыл жастарының мәселелерін шешуді басты міндеті санайды. Бір сөзбен түйін жасайтын болсақ, өзінің бар білімі мен тәжірибесін мемлекеттік қызметте абыроймен атқарып келеді. Бүгінгі кезеңде мемлекеттік қызметкердің мәртебесі барған сайын арта түседі. Мұны халық та, биліктің қай бір лауазымында болсын жүрген мемлекеттік қызметкерлердің өздері де бұрынғыдан да айқын түсіне бастағандай. Мәселе мынада: халыққа ешқашан қоқан -лоқы жасап, дауыс көтеруге болмайды. Мейлі, олардың іс-әрекеті заңсыз болса да сыпайы сөйлесіп, мұң-мұқтажын тыңдап, шығарып салу керек. Сонда ғана халықтың мемлекеттік қызметкерлерге деген сенімі артады. Егер халықпен қоян-қолтық жұмыс атқаратын болса, әкімдіктер көптеген өзекті мәселені тиісті деңгейде тез шеше алады. Демек, бұдан шығатын қорытынды не? Бұрынғы заман өтті, келмеске кетті. Сондықтан да әкім халыққа жақын болуы тиіс. Қазіргі қоғамның шынайы көрінісі мына бір нәрсені айқын көрсетті: Шын мәнінде мемлекеттік қызметкерлер халыққа жақындай түсті. Қордаланған мәселелер тиісті шешімін тауып жатыр. Ауыл әкімі Мұрат Мұхаметқалиұлы да мемлекеттік қызметкерге лайықты еңбек атқарып, алдағы уақытта да халықпен тығыз байланыста жұмыс жасайтынына сенімдіміз. Мемлекеттік қызметкер, мерекеніз құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

ЭТНОАУЫЛ: КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТКЕ САЯХАТ

Этноауылда көшпелі өркениет әлеміне еніп, тұрмыс пен салт-дәстүр туралы көбірек білуге болады. Мұнда негізінде сәндік-қолданбалы өнер бойынша шеберлік сағаттары секілді көптеген іс-шаралар өтеді. Бұл жерде жиналғандар қазақ халқының бай тарихы мен мәдениеті, өнері мен дәстүрі жайлы сыр шертетін құнды жәдігерлерді тамашалай алады. Этноауыл бірнеше тақырыптық аумақтардан құралған. Мәселен қолөнер, салт-дәстүр секілді тақырыптар қамтылған. Шын мәнінде, мәдени кешен келушілерді көшпелі өркениет пен өткен ғасырдың хал-ахуалын сезінуге мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, осы өңірдегі халықтың кәсібі мен тарихынан жан-жақты мағлұмат беретін бірегей кешен.



Маусымның 9 жұлдызында Теңдік ауылында «Теңдік Этноауылы» салтанатты іс-шараның ашылуы өтті. Бұл іс-шараға Тайынша ауданының 42 мектебі қатысты. Алғашқы болып сөз алған аудан әкімі Р.Ә.Аңбаев мерекелік іс-шараға жиналғандарға бұл күннің тарихи күн екенін айта келіп, еліне ерен еңбек етіп жүрген азаматтарға алғысын жолдап, жоғары марапаттар табыс етті. Ал, Әлжан тегі Орынбай қажы атамыз жиналған көпшілікке, кейінгі жас ұрпаққа ақ батасын берді.

Бұл ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты – жас ұрпақты патриоттық сезімге, аға ұрпаққа құрметпен қарауға тәрбиелеу, мектеп оқушыларының еліміздің тарихын, салт-дәстүрі мен өткен өмір жолдарын жете түсіну.

Ұлттық мәдени кешен - келушілерді қазақ халқының бай тарихымен, мәдениетімен, өнерімен және салт-дәстүрімен таныстырды, мұнда кез келген адам көшпенділер өркениетінің этномәдени ортасына ауысып, ауылдың күнделікті және мерекелік тіршілігін тамашалады. Этноауылда қазақ музыкалық және театр өнерінің фестивальдері, сәндік-қолданбалы өнерден шеберлік сабақтары, қолөнер және көркемсурет көрмелері, этникалық музыка, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар және басқа да іс-шаралар жиналғандарға ерекше

көңіл-күй сыйлады. Ынтымағы жарасқан Теңдік ауылында өткен мерекелік іс-шараның негізгі ұйымдастырушылары, әрине, ел азаматтары, мектеп ұжымы мен ауылдың барша тұрғындары. Елдің қонақжайлылығы мен ұйымшылдығын көріп, келген меймандар ризашылықтарын білдіріп жатты. Бұл күні жергілікті сазгер-ақын Жомартов Берік Базарбайұлының осы Теңдік ауылына арналған өлеңінің тұсауы кесілді. Әнді көпшілік алдында орындаған Краснокиевка негізгі мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бекова Арман Карбайқызына халық зор қошеметпен қол соқты. Күмбірлеген қазақтың домбырасы, шырқалған ән мен биші қыздарымыздың мың бұралған биі, қобыздың ерекше қоңыр үні мерекенің шырайын ашып, жиналған барша халықтың көңілі көтеріңкі болғанының куәсі болды. Этноауылда жастар кеңпейіл ауыл жұртының мейірімге толы жүздері мен ыстық ықыласына қанып, дархан дала аясында арқаны кеңге салып, ауылдың бір сәттік өмірін көз алдарында елестеткендей болды. Көпшілік мұнда ауыл қолөнер шеберлерінің туындыларымен танысып, қазақтың күресін тамашалады, атқа мініп, ән айтып алтыбақан тепті. Ақ дастархан жайылып, ас берілді.

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, *milui*

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ 10 жыл мерзімге мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ хабарламаның (хабарлама) бірінші жариялымынан отыз күнтізбелік күн кезеңі бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталады. Өтінімдерді қабылдау күнінен бастап 15 жұмыс күн ішінде осы конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылданады.

Конкурстың өтетін орны және күні, уақыты: СҚО, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206 (2-қабат) мекенжайы бойынша: 2022 жылдың 18 шілдесінен бастап 2022 жылдың 05 тамызын қоса өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады.

Конкурстың шарттары :

ҚР Жер Кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес, жер комиссиясы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсты өткізеді.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы

мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер үчаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттемелер.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста болу керек:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Жер комиссиясы барлық өтінімдерді олардың сәйкестігі, толықтығы,

есептеулерде қателердің, құжаттардағы барлық қолдардың болуы тұрғысынан зерделейді, сондай-ақ тұтастай ресімдеудің дұрыстығын тексереді, бизнес-жоспар бойынша, оның ішінде конкурстық ұсыныста көрсетілген инвестициялардың болжамды көлемі бойынша балл беру арқылы өтінімдерді бағалайды, салыстырады.

Баллдар міндеттемелердің мынадай өлшемшарттары бойынша беріледі: 1 гектарға салыныатын инвестициялардың болжамды көлемі туралы, мың теңге:

- 1) суармалы егістікке: 50-ге дейін-1 балл; 50 – ден 70-ке дейін-5 балл; 70 – тен 90-ға дейін-10 балл; 90 – нан 110-ға дейін-15 балл; 110-20 балдан жоғары;

- 2) суармалы егістікке (суармалы жерлерге): 200-ге дейін-1 балл; 200 – ден 300-ге дейін-5 балл; 300 – ден 400-ге дейін-10 балл; 400 – ден 500-ге дейін-15 балл; 500 – ден жоғары-20 балл;

- 3) жайылымдық және шабындық жерлерге: 5 – 1 балға дейін; 5 – тен 10-ға дейін-5 балл; 10 – нан 20-ға дейін-10 балл; 20 – дан 30-ға дейін-15 балл; 30 – дан жоғары-20 балл.

Конкурстықұсыныс, «электрондықүкімет» веб-порталыарқылы конкурстық ұсынымды беру жағдайларынан басқа, нөмірленген беттерімен тігілген түрде «2022 жылдың 08 тамызына дейін ашылмасын» жазбасы көрсетілген, жабық конвертте ұсынылады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім талаптарға сәйкес келмесе, қабылдамай алып тастауға жатады.

Конкурсты өткізу тәртібі туралы мәліметтерді және қосымша ақпаратты Тайынша ауданы әкімінің www.tsh.sko.gov.kz «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ www.ozo-tsh.sko.gov.kz сайтында немесе 8 (71536) 2-26-97, 2-21-85 тел. бойынша алуға болады.

Table with columns for land plot details: Жер учаскелерінің сипаттамасы, Алқаптардың құрамы, Бонитет баллы, Жалпы алаңы, Га, Топырақтың сапалық сипаттамасы, Орналасқан жері, Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы, Сумен қамтамасыз етілуі, and plot area details.

Table with columns for land plot details: № 12 Лот, Табиғи жайылым, Алаң, Га, Мамандануы, Алаң, Га, Мамандануы, Амандық ауылдық округі, Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, and plot area details.

МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК



Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек шартсыз және шартты ақшалай көмек түрінде жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен жеке адамдарға (отбасыларға) мемлекет беретін көмек;

Шартсыз ақшалай көмек «Қазақстан Республикасында зейнеткерлік қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 11-бабы 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты, жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндіктері шектеулі жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын аз қамтылған тұлғаларға; бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға; екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруы бар адамдарға;

Еңбекке қабілетті адамы жоқ немесе жалғыз еңбекке қабілетті мүшесі үш жасқа дейінгі балаға, мүгедек балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедекке, қарт адамға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж адамдарға күтім көрсетуді жүзеге асыратын аз қамтылған отбасыларға көрсетіледі.

Шартты ақшалай көмек жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз тұлғаларға, сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген тұлғаларды (отбасыларды) қоспағанда, оның (олардың) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына және (немесе) қажетіне қарай әлеуметтік бейімдеуге қатысу шартымен, құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері) бар аз қамтылған отбасыларға, соның ішінде «Салық және бюджетке басқа да төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғаларға көрсетіледі.

Атаулы әлеуметтік көмек кімге тағайындалады.

Қазақстан Республикасында атаулы әлеуметтік көмекті жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын санаттағы тұлғалар: ҚР азаматы; қандастар; қашқындар; шетелдіктер; жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдар ала алады.

Кедейлік шегі – атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін айқындау үшін өлшемшарт ретінде белгіленетін, бір адамға шаққандағы ақшалай кірістің шекті ең төмен шамасы.

Атаулы әлеуметтік көмекті кім ала алады.

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» ҚР Заңына сәйкес атаулы әлеуметтік көмектің тағайындалуына құқығы жоқ: аз қамтылған отбасылар болып табылмайтын адамдар (отбасылар); еңбекке қабілетті мүшесі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан отбасы - жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан күннен бастап 6 ай бойына; бұрын жасасқан әлеуметтік келісімшарт бұзылған және (немесе) алушының кінәсі бойынша әлеуметтік шартта қарастырылған міндеттемелер орындалмаған жағдайларда – атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінер алдыңдағы 6 ай бойына; атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін, алдын-ала біле тұра жалған мәліметтер және (немесе) дәйексіз құжаттар ұсынған тұлғалар (отбасылар) – оларды ұсынған күннен бастап 6 ай бойына; олардың материалдық жай-күйін тексеру нәтижесі бойынша әзірленген, учаскелік комиссияның қорытындысына сәйкес атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждығы жоқ адамдар (отбасылар).

Қайда жүгіну керек.

Адам мемлекеттік әлеуметтік атаулы көмектің

тағайындалуы үшін, өз атынан немесе отбасының атынан белгіленген үлгідегі өтінішпен және сәйкестендіру үшін, жеке басын куәландыратын құжатпен, тұрғылықты орны бойынша жұмыспен қамту орталығына, ал елді-мекендерде – кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жүгінеді.

Жүгінген кезде тұлғаға кеңес беріліп, барлық қажетті анықтамалық ақпарат ұсынылады, осының нәтижесінде адам АӘК тағайындауға қажетті құжаттарды тапсырады.

Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері.

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» ҚР Заңына сәйкес адамға (отбасыға) атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін уәкілетті орган жан басына шаққандағы орташа кіріс пен облыстарда отбасының әрбір мүшесіне есептегенде белгіленген кедейлік шегі арасындағы айырма түрінде есептеп шығарады.

Отбасының құрамы мен кірісі өзгерген жағдайда, тағайындалған атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері қайта есептеледі. Атаулы әлеуметтік көмекті алушы халықты жұмыспен қамту орталығын, ал ауылдық жерлерде - кент, ауыл, ауылдық округ әкімін атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін өзгерту үшін негіз болатын немесе оны алуға құқық беретін мән-жайлар туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

Жан басына шаққандағы орташа табыс қалай есептеледі.

Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын айқындау атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасалған кезде ұсынылған өтініштің және мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтер негізінде жүргізіледі.

Жан басына шаққандағы орташа табыс атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсанда алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу арқылы есептеп шығарылады.

Шартты АӘК тағайындалуы үшін, әлеуметтік келісімшарт жасасу міндетті шарт болып табылады.

Шартты ақшалай көмекті төлеу үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу:

- 1) бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге;
- 2) күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларға, студенттерге, тыңдаушыларға, курсанттар мен магистранттарға;
- 3) екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруы бар адамдарға;
- 4) үш жасқа дейінгі балаға күтімді жүзеге асыратын ата-ананың біреуіне, мүгедек балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж, сексен жастан асқан қарттарға күтімді жүзеге асыратын адамдарға;
- 5) үш жасқа дейінгі балаға, мүгедек балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж, сексен жастан асқан қарттарға күтімді жүзеге асыратын адам ретінде отбасының еңбекке қабілетті бір ғана мүшесі жатқызылуы мүмкін;
- 6) тұрақты жұмысы бар адамдарға - міндетті шарт болып табылмайды.

Кепілдік берілген әлеуметтік топтама кімге ұсынылады.

Мемлекеттік әлеуметтік топтама шартты және шартсыз ақшалай көмек алушылар қатарынан аз қамтылған отбасыларға ұсыныл ады: бір жастан - алты жасқа дейінгі балалары бар, сондай-ақ орта білім беру ұйымындағы оқуға кіріспеген, алты жасқа толған балалары бар отбасыларға – атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған кезеңге; алты жастан – он сегіз жасқа дейінгі балалары бар, сондай-ақ, орта білім беру ұйымдарында оқитын, он сегіз жасқа толған балалары бар отбасыларға – тиісті оқу жылы бойына.

Шартты және шартсыз ақшалай көмек төлемін тоқтату атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін, алдын-ала біле тұра жалған мәліметтер және (немесе) дәйексіз құжаттар ұсынған жағдайларды қоспағанда, отбасыға кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы ұсынуды тоқтатуға негіз бола алмайды.

О.Г.НЕРОБА,
Жұмыспен қамту бөлімінің басшысы.

АЛАЯҚТАР КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ АҢҒАЛДЫҒЫН ПАЙДАЛАНАДЫ

Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер зиянкестер үшін ерекше қызығушылық туғызады, және, көп жағдайда, оның «құрбандары» қаржы алаяқтарының қолына ақшаны, сондай-ақ маңызды конфиденциалды ақпаратты өздері салып береді.

Fingramota.kz-пен бірлесіп, бизнесмендер іс жүзінде кімдерге тап болатындары және өзін, сондай-ақ өз қаржысын қалайша қорғай алатындарын қарастырайық.

Есіңізде болсын!

Кредиттік тарих - бұл 5 жыл ішінде барлық міндеттемелер: жабық, ағымдағы, мерзімі өткен кредиттер; қайтару мерзімдері; кредиттік ұйымдарға өтініштер туралы барлық ақпарат сақталатын қарыз алушының өзіндік досбесі. Жақсы кредиттік тарих - бұл екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (мысалы, «Қазпочта» АҚ) және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (МҚҰ, кредиттік серіктестіктер, ломбардтар) - кредиторлар үшін қарыз алушының оң имиджі. Кредиттік ұйымда лицензияның болуын ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің www.gov.kz сайтынан тексере аласыз.

Кредиттік бюроға ешқандай жеке компаниялар қолжеткізе алмайды, сәйкесінше, олар мерзімін өткізіп алулар және басқа да ақпараттарды жою отырып кредиттік тарихты тазарта алмайды. Қарызды «өте кремет» шарттармен ресімдеуге келетін болсақ, мынаны есте сақтау керек: Қазақстанда әлеуетті қарыз алушы мен кредитор арасында «жеңілдікті мөлшерлеме бойынша кредиттерге» көмектесе алатын ешқандай да делдалдар жоқ. Сонымен, сізге осындай кредит «алуға» кепілдік беретін адам алаяқ екендігі айдан анық! Қаскүнемдер тек кредиттермен ғана емес, сонымен қатар әкімшілік мәселелерді шеше отырып, әртүрлі тендерлерде «көмек» ұсынуы мүмкін екендігін айта кетейік. Алаяқтыққа байланысты тәуекелдерді азайту үшін ресми түрде жұмыс істеп, бизнесте тек ашық схемаларды қолданған дұрыс!

Телефон алаяқтары

Телефон алаяқтарының схемалары жылдар бойы дамып, жетілдіріліп келеді, алаяқтар өзінің әлеуетті құрбандарының санын арттыру үшін заманауи технологиялар мен әлеуметтік инженерия әдістерін белсенді түрде қолданып отырады. Қаскөйлер өздерін банктердің, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сатып алушылар, сатушылар ретінде де таныстыруы мүмкін, олардың басты міндеті абонентті сөзге тарту, вирустық қосымшаны жүктеу не картаның толық деректемелерін, оның ішінде артқы жағындағы үш таңбалы кодты, сондай-ақ SMS арқылы растау кодын айтып беруге мәжбүрлеу болып табылады.

Есіңізде болсын!

Сізге қызмет көрсетілетін банктің өзіңізге таныс төрт таңбалы нөмірінен қоңырау шалып, мысалы, қауіпсіздік қызметінен хабарласып тұрмын деп айтса да, бәрібір сақ болыңыз. Алаяқтар кез келген нөмірді өз мүддесіне пайдаланып, хабарласуы мүмкін, алайда ол әлемнің басқа түкпірінде отыруы да мүмкін. Егер қоңырау шалушы ақша туралы сөз бастаса, онда бұл әңгімені бірден аяқтаның және жедел желі нөмірін өз бетіңізше терлеп отырып банкке немесе бұның алдында өзіңізге қызмет көрсеткен банк менеджеріне қайта қоңырау шалыңыз.

Банк менеджерлері ешқашан сіздің төлем деректеріңізді алу үшін бірінші болып қоңырау шалмайды. Олар ақшаңызды дереу «қауіпсіз» шотқа аудару қажет деп қоқан-лоқы көрсетіп, қорқытпайды. Егер Банк операцияны күмәнді деп санап, ол барлық шоттарды бірден бұғаттайды, содан кейін барып орын алған жағдайдың мән-жайын анықтайды. Сондай-ақ, қаскөйлер өздерін салық қызметі, прокуратура, ИМ, үкіметтік емес және басқа да ұйымдардың қызметкерлері ретінде таныстыруы мүмкін, алайда жеке деректеріңізді алғысы келетін бейтаныс адамдарға сенбеңіз!

Есіңізде болсын!

Ешқашан күмәнді сілтемелерге, соның ішінде SMS, түрлі мессенджерлер арқылы келетін немесе әлеуметтік желілер директеріндегі күмәнді сілтемелерге кірмеңіз! Вирусқа қарсы БҚ-дан үнемдемеңіз, өз ұйымыңыздағы қауіпсіздік жүйесін күшейтіңіз. Ұйымның атауындағы қателер, әріптің түсіп қалуы мен жіберілген қателердің көптігі, қисық беттелуі, бөтен дизайн элементтерінің болуы күдік туғызауы тиіс. Өз қызметкерлеріңізді үнемі оқудан өткізіп отырыңыз, олар фишингті тани білулері тиіс. Фишингтік шабуылдардың түрлері күн сайын және сағат сайын өзгеріп отырады, сондықтан киберқауіпсіздік мақсатында қызметкерлеріңіз өздерінің есептік жазбаларына кіретін парольдарын үнемі өзгертіп тұрулары тиіс.

Есіңізде болсын!

Егер сіз брокерменынтымақтастық құруды жоспарласаңыз, оның алаяқ емес екендігіне көз жеткізу қажет. Сол себепті қаржы реттеушісінің www.gov.kz сайтында оның бағалы қағаздар нарығында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясының бар-жоғын тексеріп алыңыз. Агенттікпен интернет-ресурсындағы брокердің барлық деректемелері лицензияда көрсетілген деректемелерге сәйкес болуы тиіс. Сондай-ақ сіздің брокеріңізді уәкілетті органның лицензиясы жоқ және жоғары кірістілік кепілдігіне уәде бере отырып, клиенттердің ақшасын инвестициялық мақсаттар үшін тартатын жосықсыз делдалдар тізіміне кіре ме, жоқ па соны міндетті түрде тексеріңіз

Баспасөз – 2022 ӘР ШАҢЫРАҚҚА - «Тайынша таңы» газеті!

Құрметті біздің газет оқырмандары!
«Тайынша таңы – әр шаңыраққа» деген
бастамамызды қолдауға шақырамыз. Сіздерге үлкен
сенім артамыз. Бұл орайда, ең бірінші ел ағалары
мен зиялы қауым өкілдеріне, мемлекеттік мекеме
қызметкерлеріне, бизнес өкілдері мен кәсіпкерлерге,
жалпы қалың қазақ еліне сеніп отырмыз. Сіздерге
газеттің екінші жартжылдығына жазылу маусымы
жүріп жатқанын хабарлаймыз. **Қала тұрғындары
үшін газетке 6 айға жазылу құны - 780 теңге, ауыл
тұрғындары үшін – 870 теңге.**
Газетке жазылу барысында сұрақтар туындайтын
болса, редакциямызға **23-8-51, 23-6-96** телефоны
арқылы хабарласыңыздар.



* * * * *

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!



Ильичевка орта мектебінің ұстаздар ұжымы және мектеп оқушыларының ата-аналары Жомарт жүректі, пейілі кең, мейірімді азамат-Бастамитов Толыбай мырзаға Алғыс айтамыз! Мектеп оқушыларын қолдап, көрсеткен көмегіңіз үшін мектептің оқушыларының да Сізге алғысы шексіз! Еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыңызға амандық тілейміз.



АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР



Қазақ халқында кісілігі мол, ұлттық тәрбиеден тамыры ажырамаған парасат иелерін, ардақты әкелерді ерекше қастерлеп, қадір тұтқан. Ондай абыройлы әкелер деп біз қасиетті қара шаңырақтың киесі, құт-берекесін кетірмей, ардақты әке, ақылшы ата болғанға дейін өмірдің қандай да қатал сынағымен күресе жүріп жеңіске жеткен жандарды айтамыз. Бүгінгі таңда өмірлері кейінгі ұрпағының бір бөлшегі деуге болатын ел ағалары бар. Сондай тәлім-тәрбиесі зор, рухани өте бай өмір жолы бар ағаларымыздың бірі, еліне есімі құрметті, кезінде елі үшін ерен еңбектің үлгісін көрсете білген **Тұрғұмбаев Жұмабай атам**ыз.

Ол 1947 жылы 26 маусымда Көкшетау облысы, Чкалов ауданы, Аймақ ауылында дүниеге келген. 1953 жылы Қазақ тілінде оқытатын Аймақ негізгі мектебіне барды, бірақ 4-сыныптан кейін оларды орыс тіліне аударып, 5-сыныпқа дейін орыс тілінде оқыды. 1963 жылы Фрунзе атындағы ұжымшарда бұзауды бағып, егіс бригадасына көмектесіп, шөп шабу және тракторшы көмекшісі болып жұмыс істеді. Абай атындағы совхозда малшы болып жұмыс істеді. 1965 жылы Чкалов автобазасында жүргізуші ретінде оқыды, оқудан кейін автобазада жүргізуші болып жұмыс істеді. 1966 жылы қаңтар-қазан айларында Жамбыл қаласына іссапарға жіберіліп, ғажайып Жамбыл станциясынан темір жол салынды. 1966 жылдың күзінде 1969 жылға дейін Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. Әскерден кейін Абай атындағы совхозда жүргізуші болып жұмыс істеді, 1972 жылы 4 маусымда үйленді. Кейін Амандық ауылындағы совхозға ауысты. 1993 жылы "Азота Октябрь" ЖШС-де ЖЖМ-мен жұмыс істеді, ЖШС жабылғаннан кейін оның еңбек қызметі аяқталды. Тұрғұмбаев Жұмабай адал, ауыл тұрғындары арасында құрметке ие. Қазіргі таңда 3 ұл, екі қыз тәрбиелеп жеткізіп, олардан 14 немере сүйіп отыр.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ШАРАЛАР- ЭПИЗООТИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Эпизоотиялық қауіпсіздік деген не? Егер қораңыздағы малыңыздың денсаулығы мықты, еш бір жұқпалы аурумен ауырмаса және мал иесі одан алынған өнімдердің адам ағзасына қауіпсіз екеніне күмансіз болса, міне эпизоотиялық қауіпсіздік деген осы.

Эпизоотиялық қауіпсіздіктің басты кепілі болып ветеринариялық алдын алу шаралары болып табылады. Аудандық ветеринариялық станция ШЖҚ МКМ-сі мемлекеттік тапсырыс бойынша бруцеллез және көксау ауруларына диагностикалық тексерулер өткізіледі. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы малдарының барлық түрлеріне қатерлі және өте жұқпалы сибір жарасына қарсы екпе шаралары жүргізіледі. Және қара сан ауруына ірі қар мал, сақауға жылқы малы егіледі. Жеке меншік және басқа да шаруашылықтарда эпизоотиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ветеринариялық шаралар жүргізумен қатар аудан аумағынан тыс аймақтардан мал енгізуге ұдайы бақылау жүргізіп тұру керек. ҚР «Ветеринария туралы» заңының 25 бабына сәйкес, ауданға енгізген мал немесе құс туралы, иелері ауданның ветеринариялық қызметіне хабарлауға міндетті. Сонымен қатар, жоғарыдағы айтылған шаралармен қоса алдын алу дезинфекциялық жұмыстар жүргізілмесе, эпизоотиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары толық жүргізілген болып табылмайды. Себебі, көктемде мал өріске шыққан соң, және күзде малды қоралау алдында, жылына екі қайтара дезинфекция жүргізу арқылы мал қорларын қауіпті микрофлорадан арылтуға қол жеткіземіз. Қортындылай келе, барлық мал және құс иелерін меншік түріне қарамай, өздерінің шаруашылықтарын ғана емес бүткіл аудан аумағында эпизоотиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында барлық айтылған шараларды сақтауға шақырамын.

Марат ТОКУЖИНОВ,

Ветеринариялық станцияның директоры.

* * * * *

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

Құрметті Тайынша ауданының тұрғындары!
Ауыл-шаруашылық жануарларының аса қауіпті ауруларына қарсы вакциналардың (қан алу түтіктері), вакциналардың уақтылы алынбауына байланысты, ветеринария мамандары көктемгі ветеринариялық профилактикалық шараларды (вакцинациялау, бруцеллезге тексеру үшін жануарлардан қан алу, жануарлардан қан алу, ауруды анықтау) жалғастыруда.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес түсіністікпен қарап, емдеу шараларын жүргізуге жәрдемдесуіңізді және жануарлар мен құстардың бар болуы, алуы және қозғалысы туралы ауылдық округіңіздің ветеринариялық дәрігеріне жедел хабарлауыңызды сұраймыз.

«Тайынша ауданының
ветеринариялық станциясы»

* * * * *

Тайынша ауданының әкімі мен аудан әкімінің аппараты Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Гүлмира Бәкібайқызы Сағындықоваға **анасының** қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №96652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 202. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қ.Конституциясы к., 206
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715-36) 23-8-51

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.